



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)

2024 жылғы 23 сәуірдегі № ДЗ-172 сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің өңірлерде шұғыл шаралар қабылдау қажеттілігі туралы сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

***Инфекциялық ауру тарау мәселесіне қатысты***

Уланулар мен жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша эпидемияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар шеңберінде барлық өңірлерде орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтау көздері объектілеріне бақылауды күшейтіп, санитариялық-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштерге су сынамаларын іріктеу және зерттеулер жүргізуде.

Су тасқыны басталғаннан бері елді мекендердің су басқан аймақтарында және эвакуациялық пункттерде орталықтандырылған көздерден 10 180 сынама іріктеп алынды, оның ішінде гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтіні 670 сынама, орталықтандырылмаған су көздерінен 1 363 сынама алынды, оның ішінде гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтіні 124 сынама (*сәйкес келмейтін көрсеткіштер бойынша сынамалар ауыз судың ластануының жанама факторы болып табылады*).

Жалпы сәйкес келмейтін сынамалар бойынша көрсеткіш 2022 – 2023 жылдардың қорытындылары бойынша орташа республикалық жылдық көрсеткіштен аспайды.

Су көрсеткіштері нормативке сәйкес келмеген жағдайда су шаруашылығы ұйымдары су құбыры желілерін жуу және дезинфекциялау бойынша тиісті жұмыстарды жүргізеді.

Сондай-ақ бүгінгі таңда су басқан аймақтарда және су айдындарында вирустар мен бактериялардың болуына сарқынды және тасқын суға зертханалық бақылау жүргізілуде (*ағымдағы жағдай бойынша 250-ден астам сынама алынды, рұқсат етілген мәндерден ауытқу анықталған жоқ*).

Су тасқыны кезеңінің басынан бері Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Батыс Қазақстан, Ұлытау облыстарында 68 су көзі жуылып, дезинфекцияланды.

Өңірлерде су факторына байланысты халықтың жұқпалы аурулармен сырқаттанушылығы жағдайлары тіркелген жоқ.

#### ***Су қоймаларын салу мәселесіне қатысты***

Су ресурстарын басқаруды дамытудың 2024 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде қосымша 2,4 км<sup>3</sup> су көлемін қамтамасыз ету үшін Абай, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Жетісу, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстарында 20 су қоймасын салу көзделген. Оның ішінде Түркістан облысында Кеңсай-Қосқорған-2 су қоймасы салынып, пайдалануға берілді.

2024 жылы Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарында 5 су қоймасының ЖСК әзірлеуді аяқтау және құрылысын бастау жоспарланған. Бүгінгі таңда Түркістан облысы Бәйдібек ауданында «Бәйдібек ата» су қоймасының құрылысы басталды.

2025-2026 жылдары аралығында Абай, Ақтөбе, Ақмола, Жетісу, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Батыс Қазақстан және Түркістан облыстарында 14 су қоймасының құрылысын бастау жоспарланған.

#### ***Су өткізгіш құбырларға қатысты***

2024 жылы Қостанай облысының аумағында облыстық және аудандық маңызы бар жолдарда реконструкциялау, орташа жөндеу, сондай-ақ ағымдағы жөндеу шеңберінде 110 су өткізу құбырларына жөндеу жүргізілетін болады (*оның ішінде облыстық маңызы бар автожолдарда 14 құбыр, аудандық маңызы бар автожолдарда 96 құбыр: Алтынсарин - 2, Амангелді – 9, Әулікөл – 1, Бейімбет Майлин – 9, Денисовский – 12, Жітіқара – 4, Қамысты – 9, Қарабалық – 3, Қарасу – 14, Меңдіқара – 6, Наурызым – 1, Сарыкөл – 2, Ұзынкөл – 17, Федоровка – 7*).

Сонымен қатар, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ республикалық маңызы бар автожолдарда су тасқыны қаупі бар орындардың санын азайту мақсатында жыл сайын қайта жаңарту, күрделі және орташа жөндеу шеңберінде су өткізу құрылыстарын жөндеу және орнату, жер төсемінің үйіндісін биіктету бойынша іс-шаралар ұйымдастырады.

Жалпы республикалық маңызы бар автожолдардың бүкіл желісі бойынша 2023 жылы орташа жөндеу шеңберінде 21 дана су өткізу құбырлары жөнделді (*Ақмола облысы – 5 дана; Ақтөбе облысы - 3 дана; Жетісу облысы - 3 дана; Қарағанды облысы - 5 дана; Павлодар облысы - 4 дана; Ұлытау облысы – 1 дана*).

А.ж. су тасқыны қаупі бар учаскелердің санын қысқарту мақсатында 105 дана су өткізу құбырларын жөндеу жоспарлануда (*Ақмола облысы – 3 дана; Ақтөбе облысы – 23 дана; Шығыс Қазақстан облысы-1 дана; Жетісу облысы – 2 дана; Қарағанды облысы-5 дана; Қостанай облысы-53 дана; Павлодар облысы-9 дана; Ұлытау облысы – 9 дана*).

#### ***Төтенше жағдайлар бөлімшелерінің жеке құрамын арттыру мәселесіне қатысты***

Бүгінгі таңда Төтенше жағдайлар министрлігінің (*бұдан әрі - ТЖМ*) лимиті нормативтік қажеттіліктің 65% құрайды.

Негізінен штаттық қамтамасыз етуді шағын өрт сөндіру бөлімдері, аудандық төтенше жағдайлар бөлімшелері және өнеркәсіптік қауіпсіздік инспекторлары қажет етеді.

Оларды штаттық ресурстармен қамтамасыз ету бойынша мақсатты түрде жұмыс жүргізілуде. Мәселен, соңғы үш жылда азаматтық қорғау органдарының лимиті 3 000 бірлікке ұлғайту мәселесі пысықталып, мақұлданды.

Бұдан басқа, ағымдағы жылы жоспарланған ТЖМ аумақтық бөлімшелерін оңтайландыру шеңберінде артық басқарушылық буындар мен басшылық лауазымдардың босатылатын лауазымдары азаматтық қорғау органдарының негізгі міндеттері мен функцияларын орындайтын бөлімшелерге берілетін болады.

Сонымен қатар, техникалардың және жабдықтардың жоғары тозуына байланысты ТЖМ азаматтық қорғау органдарының аумақтық және ведомстволық бағынысты мекемелерінің жарақтандыру деңгейін арттыруға көп көңіл бөледі, бұл ретте 2024 жылы ТЖМ республикалық бюджетінде материалдық-техникалық жарақтандыруға 42,3 млрд теңге (*оның ішінде өрт сөндіру қызметтері мен авариялық-құтқару бөлімшелері үшін арнайы техника сатып алуға 19,9 млрд теңге және жабдықты сатып алуға 1,2 млрд теңге*) көзделген.

#### ***«Орталық-Батыс» жол дәлізін құру мәселесіне қатысты***

Бүгінгі таңда еліміздің барлық өңірлерінде автомобиль жолдарын салу, қайта жанарту және жөндеу бойынша толық ауқымды жұмыстар жүргізілуде және бюджет қаражатының шектелуіне байланысты барлық жобаларды бір мезгілде іске асыру мүмкін емес.

Бұл ретте еліміздің макроэкономикалық жағдайды ескере отырып, бірқатар автожол құрылысына бағытталған жобалар, оның ішінде «Орталық-Батыс» жобасы кейінгі мерзімдерге ауыстырылды және 2025 жылдан кейін қаралатын болады.

#### ***Арқалық қаласының әуежайын қайта жаңғырту мәселесіне қатысты***

А.ж. әуежайдың ұшу-қону жолағына сондай-ақ инфрақұрылымың жай-күйіне зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін бюджеттен 9,5 млн. теңге қаржы қарастырылды. Бүгінгі күні конкурстық рәсімдер жүргізілуде.

Аталған жұмыстар барысында әуежайды жаңғыртудың және ұшақтарға қызмет көрсету үшін жаңа жабдықтар мен арнайы техника сатып алудың орындылығы нақтыланатын болады.

Жалпы, жоғарыда аталған мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында және оларды шешу бойынша одан әрі жұмыс жалғастырылатын болады.

**Қ. Бозымбаев**

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарының тізімі:**

**«AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері:**

Б. Бейсенғалиев

А. Рау

Е. Әбіл

Ү. Шапақ

**«Қазақстан Халық партиясы» фракциясының мүшесі:**

К. Сейтжан